

Алтай ауданының мәслихатының 2021 жылғы 21 қазандағы № 8/5-VII "Алтай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 23 қарашадағы № 25/17-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 желтоқсанда № 30905 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 41/7-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 15.05.2026 № 41/7-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Алтай ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Алтай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2021 жылғы 21 қазандағы № 8/5-VII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25020 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасында реттік нөмірі 1 жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"

1	Мүгедектігі бар балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасылар.
---	--

".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтай ауданының мәслихат хатшысы

Л. Гречушникова